

"Алматыкітап" акционерлік қоғамының мемлекеттік акциялар пакетін сату туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 14 ақпан N 198. Күші жойылды - ҚР Президентінің 1996.07.15. N 3059 жарлығымен. ~U963059

"Жекешелендіру объектілерін сату жөнінде жабық тендерлер өткізудің тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 31 қаңтардағы N 120 P960120_ қаулысына сәйкес, кітап саудасы мен Алматы қаласының мектептерін оқулықтармен қамтамасыз етудің қалыптасқан жүйесін сақтау қажеттігі мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті:

"Алматыкітап" акционерлік қоғамының мемлекеттік акциялар пакетін жабық тендерде сатсын;

сатуға шығару кезінде "Алматыкітап" акционерлік қоғамының жарғылық қорын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1995 жылғы 15 желтоқсандағы N 468 қаулысының N 2 қосымшасына және бағалы қағаздар шығаруды мемлекеттік қайта тіркеу туралы 1996 жылғы 17 қаңтардағы N 03-2-8/453 куәлігіне сәйкес айқындасын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі